

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ДАМУДЫҢ ПӘНДІК МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МҰҒАЛІМДЕРІН
ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
МӘЖІЛІСІНІҢ № 2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

25. 12.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – аға оқытушы М.Н.Шаханбаев, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор А.И.Алтынбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі аға оқытушы Е.Б.Мамбетаев, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының меңгерушісі, ҚР Мәдениет саласының үздігі Д.Н.Елжанов, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының оқытушысы Г.Қасымбекова, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасы, п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Н.Б.Есентаев, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Ж.А.Қасымбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – АК мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы Б.А.Ахмедов, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, подполковник С.Т.Мамбеталиев.

Күн тәртібінде:

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, ББ әзірлеу).
2. Қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі сараптаудан өткізу.
3. Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АК төрағасы Шаханбаев М: Құрметті Ак мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, ББ әзірлеу), қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі сараптаудан өткізу, қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау. Осы мәселелер бойынша өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

АК мүшесі, академиялық персонал, А.Алтынбеков:

«Жалпы дамудың мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша барлық ББ талапқа сай жасалғанын атап өтті. Қазіргі таңда, қолданыстағы 6B01428-Көркемдік білім (IP), 6B01478-Көркем еңбек және графикалық жобалау, 6B01425-Дене шынықтыру және спорт (IP), 6B01405-Дене шынықтыру және спорт, 6B01426-Музыкалық білім (IP), 6B01406-Музыкалық білім, 6B01404-Бастапқы әскери дайындық, 6B01485-Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық білім беру бағдарламалары жалпы мазмұны қазіргі заманғы талаптарға сай және өзектілігін жоғалтпағанын қоса айтып, қолданыста қалатынын да ескерді. Сонымен қатар 7M01404-Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасы өзгеріссіз қалатынын айтты. Дегенмен алдағы уақытта заман өзгерістеріне сәйкес жаңаша тенденциялармен қарастыруға болатынын ұсынды.

АК мүшесі, академиялық персонал, Е.Мамбетаев:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қолданыстағы бакалавриат, магистратура ББ-ларының қазіргі жағдайы талданды. Атап айтсақ толықтыру жұмыстары бойынша білім беру бағдарламаларын жетілдіру үшін мына бағыттарда жұмыс жасауға болады. Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнан жаңарту, инклюзивті білім беру негіздерін тереңдету. Магистратура бойынша, 7М01404-Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасына спорт саласындағы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қосу, ғылыми мақалалар жазу және жариялау бойынша арнайы курс енгізуді қарастыруға болатынын айтып өтті.

АК мүшесі, академиялық персонал, А.Куздеубаева :

Аталған білім беру бағдарламалардың қазіргі мазмұнының тиімділігін атап өтті, бірақ қазіргі заманғы талаптарға сай қажет болған жағдайда бағдарламалардың жаңартылуы қажеттігін атап өтті.

АК төрағасы Шаханбаев М: Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар бойынша жалпы нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде екеніне тоқталды. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында және белгіленген мақсаттарға сәйкес өтті. АК мүшелері оң пікірлер айтып, жақсы көзқараста екенін айтты.


Шешім: «Жалпы дамудың мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша барлық білім беру бағдарламаларына өзіндік бағалау жұмыстары жүргізілсін, қолданыстағы білім беру бағдарламалары ешқандай өзгеріссіз сол күйінде қалатыны туралы шешім қабылдансын. Қараша-желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар қанағаттанарлық деп табылсын.

АК төрағасы:



М.Н.Шаханбаев

Хатшы:



Н.Б.Есентаев